



ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ ШЕШУШІ СЕКТОРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РОЛІ

Muallif: Джамашова Г.А. ¹, Булегенова У.Ш. ², Арипбаева Л.Ш. ³, Мурзабаева М.А. ⁴

Affilyatsiya: Шымкент университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ. ¹, Аймақтық инновациялық университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ. ², М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ. ³, Орта Азия инновациялық университеті. Қазақстан Республикасы, Шымкент қ. ⁴

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.14409588>

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшті, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кіріп, біздің табиғи ортамызға айналды.

Ақпараттық технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар деп локальдық, аймақтық, бүкіл әлемдік желілерде ақпарат алмасуды жүзеге асыратын қазіргі заманғы байланыс құралдарының барлық түрін, бағдарламалық жүйелер мен кешендерді (бағдарламалау тілдері, транслятор, копилаторлар, операциялық жүйелер, қолданбалы бағдарламалық жабдықтарды дайындауға арналған инструментальды пакеттер), мультимедианы, телекоммуникацияны, виртуальды ақпараттар жиынтығын айтамыз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде және адамды қалыптастыруға және кәсіби шеберлігін шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделгені белгілі. Бұл міндеттерді орындау үшін әрбір оқытушы іздену арқылы, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы және ғаламдық желіге шығу арқылы білім беру жүйесін одан әрі дамыту керек. Егеменді елдің ертеңі оқу – білімнің тереңдігімен өлшенеді. Күннен- күнге үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнанда қабілет пен қажеттіліктерді толассыз, үздіксіз дамытып отыруды талап етеді.

Оқытудың компьютерлік әдістерін интерактивті деп атайды, себебі олардың мұғалім мен оқушының әрекетіне «дыбыс беру», олармен диалог «жүргізу» қабілеті бар. Бұл компьютерлік оқыту әдістемесінің ең негізгі ерекшелігі болып табылады. Компьютер оқыту процесінің барлық кезеңдерінде қолданылады: жаңа материалды түсіндіргенде, бекіткенде, қайталағанда, білімін, іскерлігін және дағдыларын бақылағанда. Сонымен қатар оқушы үшін ол әр түрлі функцияларды атқарады.

Электронды оқулықты пайдалану мұғалімнің де ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиалық, бейне және дыбыс бөлімдерінің программасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды пайдалану қарапайым оқулықтарға қарағанда ыңғайлы және онда өзін –өзі тексеру жүйесі бар. Сондықтан өзін –өзі тексеру жүйесі студент мен оқытушы арасындағы байланысты алмастырады.

Бүгінде оқытуда ақпараттық технология мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту қарқынды дамуда.

Қашықтан оқыту – ақпараттық коммуникациялық технологиялық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Бүгінгі таңда осы технология өте кең тараған, ол сырттай оқу жүйесіне балама, нақтырақ айтқанда, қосымша роль атқарып келеді.

Қашықтан оқыту жүйесіндегі негізгі формаларға мыналар енеді:

- бекітілген дәрістер, консультациялар;
- телеконференциялар;
- түрлі деректер қорындағы білім деректерімен тыңдаушылардың жұмыс жасайтын ақпараттық сеанстары;
- имитациялық модельдер формасындағы практикалық сабақтар, іскерлік ойындар, жобалар мен рефераттарды қорғау нақтылықтың виртуалдық моделімен білімдер деректерін жасақтау, пікірталастар.

Қашықтан оқытудың артықшылықтары:

- компьютерлік телекоммуникациялар оқу материалдарын тыңдаушыларға жылдам жеткізеді;
- телеконференциялар арқылы нақты уақыт режимінде студенттердің мұғаліммен сұқбаттасуын ұйымдастыра алатын виртуальды класс жасау мүмкіндігі туды;

- ақпараттық коммуникациялық технологиялардың барлық қуатын оқытуға да, әрі оқушылармен кері байланыс жасауға да пайдалануға болады. Кио туралы, joy class туралы Ертеңгі келер күніміздің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына білімді де білікті маманның тигізер пайдасы зор. Бұрынғы оқу үрдісінде оқытушыға көп басымдылық берілсе, ал қазіргі оқу үрдісінде студент белсенділік көрсетуі тиіс, оны оқытпайды, ол өздігінен оқуы керек. Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, эмоциялық сезім – түйсіктеріне әсер ететін ізденістің пайда болатыны түсінікті. Ақыл парасаттан гөрі сезім түйсігі ұшқыр балаларға көп жағдайда бағдарламалық тақырыптарды тосын тәсілдер арқылы түсіндіру

пайдалы. Бұл үшін оқытушы сабақ өткізуде дәстүрлі шеңберде қалып қоймайтын ізденістер жасауы тиіс. Сондықтан жаңа педагогикалық технологияларды енгізу – оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, өз қабілетіне сай таңдау жасауына және әрі қарай білімін дамытуына мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың, бағалаудың жүйелі әдісі адамдардың техникалық ресурстарды білімді игеру жолында өзара тиімді әрекет етуінің негізі ретінде жаңа технологиялардың түрлері көбейе түсуде. Сондықтан жаңартылған педагогикалық технологиялар ішінен өз қажеттісін таңдап алу - оқытушы үшін жауапты да іскерлікті қажет ететін іс.

Техникалық және кәсіптік білім берудің деңгейін көтеру, кәсіптік техникалық мамандар даярлау бүгінгі күннің басты талабына айналғаны белгілі. Уақыт талабына сай жаңа заман жұмысшысы, жаңа уақыт мамандығын тезірек игергісі келеді. Қорыта келе, «Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» болашақ мамандарға оқу үрдісінде ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолданудың маңызы зор.

FOYDALANILGAN ADABIYOTLAR RO'YXATI

Семенов М.И. и др. Автоматизированные информационные технологии в экономике. - М.: Финансы и статистика, 2000

Чоговадзе Г.Г. Персональные компьютеры – М.: Финансы и статистика, 1989
Компьютерные технологии обработки информации. – М.: Финансы и статистика, 1995

Экономическая информатика и вычислительная техника. – М.: Финансы и статистика, 1965

Фигурнов В.Э. IBM PC для пользователя. – М.: Финансы и статистика, 1991
Ахметов К. Windows95 для всех. – М.: ТОО фирма «Компьютер-Пресс», 1997
Стинсон К., Зихерт К. Эффективная работа с Microsoft Windows 2000 Professional. СПб.: Питер, 2001

Каратыгин С.А. и др. Электронный офис. В 2-х томах – М.: Восточная книжная компания, 1997

Символоков Л.В. Решение бизнес-задач в Microsoft Office. – М.: ЗАО Издательство «БИНОМ», 2001

Информационные технологии управления: Учебное пособие/ под ред. Ю.М. Черкасова. – М.: ИНФРА- М, 2001.

Т.П. Барановская, В.И. Лойко, М.И. Семенов, А.И. Трубилин. Информационные системы и технологии в экономике: Учебник. - 2-е изд., доп. и перераб. 416 с.: ил. 2003

Козырев А.А., Юдин А.П. Информационные технологии в экономике: Конспект лекций – СПб.: 2000.

Ибрагимов У.М. Новые информационные технологии: Пользовательский курс. -Шымкент, ЮКГУ, -2004, 150с.

Т.П. Барановская, В.И. Лойко, М.И. Семенов, А.И. Трубилин. Информационные системы и технологии в экономике: Учебник. - 2-е изд., доп. и перераб. 416 с.: ил. 2003